"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға қарсылық

26.08.2019 ж. № 3996

Осымен "Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ, 150240013345 Менімен, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі – Департамент) камералдық бақылау бөлімінің бас маманы Қ.Мыңбаев тарапынан, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына (Камералдық бақылауды ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік аудит объектілеріне бармастан, осы Заңда және камералдық бақылау жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді) сәйкес «КазBuildПроект» ЖШС-нің, өтініші негізінде, – «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2019 жылдың 05 маусымда https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланған №3410164-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшеліктерінде әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптарға ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамаға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) талаптарына сәйкес келуіне жүргізіп, төмендегілерді анықтадым. Бекітілген конкурстық құжаттамаға сәйкес, конкурстың атауы – «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы». Конкурстық құжаттаманың лицензиялар бөлімінде құрылыс-монтаж жұмыстарының I, II, III санаттары корсетілген. Қағиданың 155 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға

пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, конкурстық құжаттамаға 5 – қосымша болып табылатын, біліктілігі туралы мәліметтердің 2 тармағында растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі көрсетілуі тиіс. Конкурстық құжаттамаға 5 – қосымша, біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулерінің 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Сонымен қатар, біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулерінің 6 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа құрылыс болып табылған жағдайда жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі. Автомобиль жолдары мен (немесе) инженерлік желілерді реконструкциялау бойынша жұмыс тәжірибесі инженерлік желілер мен (немесе) автомобиль жолдарының жаңа құрылысы кезінде ескеріледі. Қағиданың 150 тармағы 1 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі – конкурсқа қатысуға жібермеуге негіз болып табылады. Осыған орай, камералдық бақылаумен, конкурстың қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 155 тармағының талаптары сақталмай, жұмыс тәжірибелері бойынша әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС-не және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдік негізсіз артық есептелгені анықталды. Бұл ретте, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Торлан Құрылыс" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) және 2018 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 2%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 5% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Сонымен қатар, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Сарыагаш-Аман" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 1%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 4% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесі 1 жылды құрайды. «Торлан Құрылыс» ЖШС және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары туралы: Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 1-3 тармақтарына сәйкес: 1. Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес объектілерді өз бетінше қабылдауды, атап айтқанда: 1) тіреу және қоршау конструкцияларын өзгертуге байланысты емес, бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жоспарлау арқылы реконструкциялауды; 2) уақытша құрылыстарды, соның ішінде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрмыстық үй-жайларды; 3) жеке үй маңындағы учаскелер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды, бау-бақша серіктестіктері (қоғамдары) учаскелеріндегі құрылыстарды, үй жанындағы немесе үй іргесіндегі (саяжай) учаскелердегі абаттандыру элементтерін; 4) контейнерді және блоктарды пайдаланып

жасалатын шағын кешендерді, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді қажет етпейтін сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты үйлерді (ғимараттарды); 5) автомашиналар саны елуден аспайтын ашық үлгідегі автотұрақтарды, сондай-ақ саны екеуден аспайтын автомашинаға арналған жайы бар көлікжайларды; 6) жеке тұрғын үйлерді, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстарды салуды; 7) шағын сәулеттік нысандарды және аумақтардың қоршауын; 8) үйлер (ғимараттар) маңындағы ашық спорт алаңдарын, тротуарларды, тас төсеніштерін пайдалануға қабылдауды дербес жүзеге асырады. 2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған үй-жайларды (үйдің жекелеген бөліктерін) өзгерту, сондай-ақ техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салу мен пайдалану басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірсе не мемлекеттік және (немесе) қоғамдық мүдделерге қайшы келсе, бұл баптың нормаларын қолдануға болмайды. 3. Осы баптың нормалары: 1) құрылысы мемлекеттік инвестициялар есебінен не олардың қатысуымен қаржыландырылатын; 2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне қолданылмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 4-5 тармақтарына сәйкес: 4. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау тәртібін, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. 5. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда өз бетінше міндетті есепке алуға жатады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 75-бабтың 1 тармағына сәйкес, Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады. Қағиданың Конкурстық құжаттамасының 5-қосымшасының 2 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС мен «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің көрсеткен, тапсырыс беруші «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары еспеке алынбауы тиіс. Қорыта келе, конкурстық комиссия тарапыпан, Қағиданың 150 тармағының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа қатысудан жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіз болуынан конкурстан шеттетілуі тиіс. Жоғарыдағы анықталған бұзушылықтардың негізінде, №3410164-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» мемлекеттік сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу процедурасын, Қазақстан

Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларының талаптарына сәйкестендіруді ұсынамын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймын. бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ 19.08.2019 жылғы № 611010000-4-6/7-73106 хабарламасын қарап шығып, жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен мынадай негіздер бойыншща келіспейтінін хабарлайды

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитеті Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға ҚАРСЫЛЫҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 19.08.2019 жылғы №611010000-4-6/7-73106 хабарламасы мен оның қосымшасын қарап шығып, төменде көрсетілген бұзушылықтармен, атап айтқанда: Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасымен (әрі қарай - Басқарма) №3410164-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» конкурсының 29.07.2019 жылғы №3410164-ОК1 қорытынды хаттамасына, ОҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай - Департамент) хабарландыру жіберген. Хабарламада «Қағиданың 155 тармағының талаптары сақталмай, жұмыс тәжірибелері бойынша әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС-не және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдік негізсіз артық есептелгені анықталды. Бұл ретте, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Торлан Құрылыс" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) және 2018 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 2%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 5% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Сонымен қатар, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Сарыагаш-Аман" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 1%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 4% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесі 1 жылды құрайды. «Торлан Құрылыс» ЖШС және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары туралы: Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 1-3 тармақтарына сәйкес: 1. Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес объектілерді өз бетінше қабылдауды, атап айтқанда: 1) тіреу және қоршау конструкцияларын өзгертуге байланысты емес, бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жоспарлау арқылы реконструкциялауды; 2) уақытша құрылыстарды, соның ішінде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрмыстық үй-жайларды; 3) жеке үй маңындағы учаскелер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды, бау-бақша серіктестіктері (қоғамдары) учаскелеріндегі құрылыстарды, үй жанындағы немесе үй іргесіндегі (саяжай) учаскелердегі абаттандыру элементтерін; 4) контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын шағын кешендерді, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді қажет етпейтін сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты үйлерді (ғимараттарды); 5) автомашиналар саны елуден аспайтын ашық үлгідегі автотұрақтарды, сондай-ақ саны екеуден аспайтын автомашинаға арналған жайы бар көлікжайларды; 6) жеке тұрғын үйлерді, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстарды салуды; 7) шағын сәулеттік нысандарды және аумақтардың қоршауын; 8) үйлер (ғимараттар)

маңындағы ашық спорт алаңдарын, тротуарларды, тас төсеніштерін пайдалануға қабылдауды дербес жүзеге асырады. 2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған үй-жайларды (үйдің жекелеген бөліктерін) өзгерту, сондай-ақ техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салу мен пайдалану басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірсе не мемлекеттік және (немесе) қоғамдық мүдделерге қайшы келсе, бұл баптың нормаларын қолдануға болмайды. 3. Осы баптың нормалары: 1) құрылысы мемлекеттік инвестициялар есебінен не олардың қатысуымен қаржыландырылатын; 2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне қолданылмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 4-5 тармақтарына сәйкес: 4. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау тәртібін, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. 5. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда өз бетінше міндетті есепке алуға жатады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі №242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 75-бабтың 1 тармағына сәйкес, Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады. Қағиданың Конкурстық құжаттамасының 5-қосымшасының 2 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС мен «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің көрсеткен, тапсырыс беруші «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары еспеке алынбауы тиіс. Қорыта келе, конкурстық комиссия тарапыпан, Қағиданың 150 тармағының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа қатысудан жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіз болуынан конкурстан шеттетілуі тиіс», - деп көрсетілген кемшіліктермен мынадай негіздер бойынша келіспейтінін хабарлайды: «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» нысаны 15.02.2019ж. № QS-0004/19 сараптама қорытындысына сәйкес техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер қатарындағы нысан болып табылады. ҚР ҰЭМ 28.02.2015 жылғы №165 «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектіге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 9 тармағы 1-3–тармақшаларына сәйкес: 1) жауапкершілігі I (жоғары) деңгейдегі объектілер: топтық су тартқыштарды қоса алғанда, магистральдық сумен жабдықтау, су бұру желілері және диаметрі 500 мм (миллиметр) және одан жоғары кәріздік коллекторлар және олардағы құрылыстар, су құбыры және кәріздік тазарту құрылыстары (СТҚ

және КТҚ), сондай-ақ өнімділігі тәулігіне 10 000 м3 (тәулігіне текше метр) және одан астам сорғы станциялары мен су тарту құрылыстары диаметрі 800 мм (миллиметр) және одан жоғары магистральдық және тарату (орамішілік) жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар; 2) жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер: топтық су тартқыштарды қоса алғанда, магистральдық сумен жабдықтау, су бұру желілері және диаметрі 500 мм (миллиметр) дейінгі кәріздік коллекторлар және олардағы құрылыстар, су құбыры және кәріздік тазарту құрылыстары (СТҚ және КТҚ); өнімділігі тәуілігіне 500 м3 (текше метрден) 10 000 м3 дейін (тәуілігіне текше метр) сорғы станциялары мен су тарту құрылыстары; траншеясыз әдіспен орындау кезінде 500 мм (миллиметр) және жоғары топтық су құбырлары мен су жинау құрылыстары; диаметрі 350 мм (миллиметр) бастап 800 мм (миллиметр) дейінгі магистральдық және тарату (орамішілік) жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар; 3) техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер: тұрғындар саны 500 адамнан аспайтын жеке тұрғын үй кешендеріне арналған жұмыс қысымы 1 МПа (Мега Паскаль) кем, диаметрі 300 мм (миллиметр) (қоса алғанда) сыртқы сумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар, оның ішінде тарту (орамішілік, көшелік) алаңішілік сумен жабдықтау желілері, орамішілік су бұру желілері, үйішілік сумен жабдықтау және су бұру желілері; траншеясыз тәсілмен орындау кезіндегі диаметрі 500 мм (миллиметр) дейінгі топтық су құбырлары мен кәріз коллекторлары; өнімділігі тәулігіне 500 м3 дейін (тәуілігіне текше метр) (қоса алғанда) сорғы станциялары мен су тарту құрылыстары; диаметрі 350 мм (миллиметр) дейінгі сыртқы жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар – көрсетілген. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 6-бабы 1 тармағына сәйкес, азаматтық заңқалыптары оларда айтылған сөздердің дәлме-дәл мәніне сәйкес түсінілуге тиіс. Заң қалыптарының текстінде қолданылған сөздерді әртүрлі түсіну мүмкін болған жағдайда Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне және азаматтық заңдардың осы тарауда, ең алдымен оның 2-бабында баяндалған негізгі қағидаттарына сай келетін түсінікке басымдық беріледі деп көрсетілген. Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының 3 тармағында «егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады» деп аталып өтілген. Осыған байланысты, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Сарыағаш-Аман» ЖШС-нің ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтреіне сәйкес, 2009 жыл 5 нысан, 2010 жыл 2 нысан, 2011 жыл 5 нысан , 2012 жыл 3 нысан, 2013 жыл 4 нысан, 2014 жыл 2 нысан, 2015 жыл 2 нысан, 2016 жыл 1 нысан, 2017 жыл 2 нысан, 2018 жыл 1 нысан конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 10%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 13% шартты жеңілдік және әлеуетті өнім беруші "Торлан Құрылыс" ЖШС – не 2010 жыл 1 нысан, 2011 жыл 1 нысан, 2012 жыл 1 нысан, 2013 жыл 2 нысан, 2014 жыл 2 нысан, 2015 жыл 2 нысан, 2016 жыл 2 нысан, 2017 жыл 1 нысан, 2018 жыл 5 нысан, 2019 жыл 1 нысан конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 10%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 13% шартты жеңілдік есептелді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, ішкі мемлекеттік аудит

жөніндегі уәкілетті органның тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 19.08.2019 жылғы №611010000-4-6/7-73106 хабарламаның талаптары негізсіз деп санаймыз. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 18-бабының 6-тармағына сәйкес және ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 58-2, 58-5-баптарына сәйкес: Аталған негіздерді ескере отырып, Департаменттің камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 19.08.2019 жылғы №611010000-4-6/7-73106 хабарламасын заңсыз деп тану және күшін жою және де «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындылары туралы 29.07.2019 жылғы №3410164-ОК1 хаттаманың күшінде қалдыруды сұраймыз. Басшы орынбасары Д.Альтеев Орынд: Н.Жанабергенов 8 (72533) 6-36-84
Қоса берілген құжаттардың тізбесі электрондық қарсылықта көрсетілген.

Басқарма басшысының орынбасары/Заместитель руководителя управления
Альтеев Дастан Балгынбекович

Республиканское государственное учреждение "Комитет внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

Возражение
к нарушениям, указанным в уведомлении об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля

26.08.2019 года № 3996

Настоящим ГУ "Управление государственных закупок Туркестанской области", 150240013345 рассмотрев уведомление РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Туркестанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" от 19.08.2019 года № 611010000-4-6/7-73106, где установлены нарушения законодательства Республики Казахстан, в части: Менімен, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі – Департамент) камералдық бақылау бөлімінің бас маманы Қ.Мыңбаев тарапынан, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына (Камералдық бақылауды ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік аудит объектілеріне бармастан, осы Заңда және камералдық бақылау жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді) сәйкес «КазBuildПроект» ЖШС-нің, өтініші негізінде, – «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2019 жылдың 05 маусымда https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланған №3410164-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшеліктерінде әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптарға ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамаға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) талаптарына сәйкес келуіне жүргізіп, төмендегілерді анықтадым. Бекітілген конкурстық құжаттамаға сәйкес, конкурстың атауы – «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы». Конкурстық құжаттаманың лицензиялар бөлімінде құрылыс-монтаж жұмыстарының I, II, III санаттары корсетілген. Қағиданың 155 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс

объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, конкурстық құжаттамаға 5 – қосымша болып табылатын, біліктілігі туралы мәліметтердің 2 тармағында растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі көрсетілуі тиіс. Конкурстық құжаттамаға 5 – қосымша, біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулерінің 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Сонымен қатар, біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулерінің 6 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа құрылыс болып табылған жағдайда жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі. Автомобиль жолдары мен (немесе) инженерлік желілерді реконструкциялау бойынша жұмыс тәжірибесі инженерлік желілер мен (немесе) автомобиль жолдарының жаңа құрылысы кезінде ескеріледі. Қағиданың 150 тармағы 1 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі – конкурсқа қатысуға жібермеуге негіз болып табылады. Осыған орай, камералдық бақылаумен, конкурстың қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 155 тармағының талаптары сақталмай, жұмыс тәжірибелері бойынша әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС-не және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдік негізсіз артық есептелгені анықталды. Бұл ретте, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Торлан Құрылыс" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) және 2018 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 2%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 5% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Сонымен қатар, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Сарыагаш-Аман" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 1%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 4% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесі 1 жылды құрайды. «Торлан Құрылыс» ЖШС және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары туралы: Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 1-3 тармақтарына сәйкес: 1. Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес объектілерді өз бетінше қабылдауды, атап айтқанда: 1) тіреу және қоршау конструкцияларын өзгертуге байланысты емес, бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жоспарлау арқылы

реконструкциялауды; 2) уақытша құрылыстарды, соның ішінде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрмыстық үй-жайларды; 3) жеке үй маңындағы учаскелер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды, бау-бақша серіктестіктері (қоғамдары) учаскелеріндегі құрылыстарды, үй жанындағы немесе үй іргесіндегі (саяжай) учаскелердегі абаттандыру элементтерін; 4) контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын шағын кешендерді, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді қажет етпейтін сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты үйлерді (ғимараттарды); 5) автомашиналар саны елуден аспайтын ашық үлгідегі автотұрақтарды, сондай-ақ саны екеуден аспайтын автомашинаға арналған жайы бар көлікжайларды; 6) жеке тұрғын үйлерді, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстарды салуды; 7) шағын сәулеттік нысандарды және аумақтардың қоршауын; 8) үйлер (ғимараттар) маңындағы ашық спорт алаңдарын, тротуарларды, тас төсеніштерін пайдалануға қабылдауды дербес жүзеге асырады. 2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған үй-жайларды (үйдің жекелеген бөліктерін) өзгерту, сондай-ақ техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салу мен пайдалану басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірсе не мемлекеттік және (немесе) қоғамдық мүдделерге қайшы келсе, бұл баптың нормаларын қолдануға болмайды. 3. Осы баптың нормалары: 1) құрылысы мемлекеттік инвестициялар есебінен не олардың қатысуымен қаржыландырылатын; 2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне қолданылмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 4-5 тармақтарына сәйкес: 4. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау тәртібін, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. 5. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда өз бетінше міндетті есепке алуға жатады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 75-бабтың 1 тармағына сәйкес, Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады. Қағиданың Конкурстық құжаттамасының 5-қосымшасының 2 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС мен «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің көрсеткен, тапсырыс беруші «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары еспеке алынбауы тиіс. Қорыта келе, конкурстық комиссия тарапыпан, Қағиданың 150 тармағының

талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа қатысудан жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіз болуынан конкурстан шеттетілуі тиіс. Жоғарыдағы анықталған бұзушылықтардың негізінде, №3410164-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» мемлекеттік сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу процедурасын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларының талаптарына сәйкестендіруді ұсынамын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймын. , сообщает о несогласии с вышеуказанными нарушениями, по следующим основаниям:
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитеті Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға ҚАРСЫЛЫҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 19.08.2019 жылғы №611010000-4-6/7-73106 хабарламасы мен оның қосымшасын қарап шығып, төменде көрсетілген бұзушылықтармен, атап айтқанда: Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасымен (әрі қарай - Басқарма) №3410164-1 «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» конкурсының 29.07.2019 жылғы №3410164-ОК1 қорытынды хаттамасына, ОҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай - Департамент) хабарландыру жіберген. Хабарламада «Қағиданың 155 тармағының талаптары сақталмай, жұмыс тәжірибелері бойынша әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС-не және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдік негізсіз артық есептелгені анықталды. Бұл ретте, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Торлан Құрылыс" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) және 2018 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 2%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 5% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Сонымен қатар, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші "Сарыагаш-Аман" ЖШС – не 2017 жылы (1 нысан) конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 1%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 4% шартты жеңілдік есептеуі тиісті. Әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесі 1 жылды құрайды. «Торлан Құрылыс» ЖШС және «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары туралы: Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 1-3 тармақтарына сәйкес: 1. Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес объектілерді өз бетінше қабылдауды, атап айтқанда: 1) тіреу және қоршау конструкцияларын өзгертуге байланысты емес, бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жоспарлау арқылы реконструкциялауды; 2) уақытша құрылыстарды, соның ішінде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрмыстық үй-жайларды; 3) жеке үй маңындағы учаскелер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды, бау-бақша серіктестіктері (қоғамдары) учаскелеріндегі құрылыстарды, үй жанындағы немесе үй іргесіндегі (саяжай) учаскелердегі абаттандыру элементтерін; 4) контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын шағын кешендерді, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді қажет етпейтін сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты үйлерді (ғимараттарды); 5) автомашиналар саны елуден аспайтын ашық үлгідегі автотұрақтарды, сондай-ақ саны екеуден аспайтын автомашинаға арналған жайы бар көлікжайларды; 6) жеке тұрғын үйлерді, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстарды

салуды; 7) шағын сәулеттік нысандарды және аумақтардың қоршауын; 8) үйлер (ғимараттар) маңындағы ашық спорт алаңдарын, тротуарларды, тас төсеніштерін пайдалануға қабылдауды дербес жүзеге асырады. 2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған үй-жайларды (үйдің жекелеген бөліктерін) өзгерту, сондай-ақ техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салу мен пайдалану басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірсе не мемлекеттік және (немесе) қоғамдық мүдделерге қайшы келсе, бұл баптың нормаларын қолдануға болмайды. 3. Осы баптың нормалары: 1) құрылысы мемлекеттік инвестициялар есебінен не олардың қатысуымен қаржыландырылатын; 2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне қолданылмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 74-бабтың 4-5 тармақтарына сәйкес: 4. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау тәртібін, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. 5. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда өз бетінше міндетті есепке алуға жатады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі №242-II Заңына (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес 75-бабтың 1 тармағына сәйкес, Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады. Қағиданың Конкурстық құжаттамасының 5-қосымшасының 2 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Торлан Құрылыс» ЖШС мен «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің көрсеткен, тапсырыс беруші «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары еспеке алынбауы тиіс. Қорыта келе, конкурстық комиссия тарапыпан, Қағиданың 150 тармағының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Сарыагаш-Аман» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа қатысудан жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіз болуынан конкурстан шеттетілуі тиіс», - деп көрсетілген кемшіліктермен мынадай негіздер бойынша келіспейтінін хабарлайды: «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» нысаны 15.02.2019ж. № QS-0004/19 сараптама қорытындысына сәйкес техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер қатарындағы нысан болып табылады. ҚР ҰЭМ 28.02.2015 жылғы №165 «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектіге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 9 тармағы 1-3–тармақшаларына сәйкес: 1) жауапкершілігі I (жоғары) деңгейдегі объектілер: топтық су тартқыштарды қоса алғанда, магистральдық сумен жабдықтау, су бұру желілері және диаметрі 500 мм (миллиметр) және одан жоғары кәріздік

коллекторлар және олардағы құрылыстар, су құбыры және кәріздік тазарту құрылыстары (СТҚ және КТҚ), сондай-ақ өнімділігі тәулігіне 10 000 м3 (тәулігіне текше метр) және одан астам сорғы станциялары мен су тарту құрылыстары диаметрі 800 мм (миллиметр) және одан жоғары магистральдық және тарату (орамішілік) жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар; 2) жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер: топтық су тартқыштарды қоса алғанда, магистральдық сумен жабдықтау, су бұру желілері және диаметрі 500 мм (миллиметр) дейінгі кәріздік коллекторлар және олардағы құрылыстар, су құбыры және кәріздік тазарту құрылыстары (СТҚ және КТҚ); өнімділігі тәуілігіне 500 м3 (текше метрден) 10 000 м3 дейін (тәуілігіне текше метр) сорғы станциялары мен су тарту құрылыстары; траншеясыз әдіспен орындау кезінде 500 мм (миллиметр) және жоғары топтық су құбырлары мен су жинау құрылыстары; диаметрі 350 мм (миллиметр) бастап 800 мм (миллиметр) дейінгі магистральдық және тарату (орамішілік) жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар; 3) техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер: тұрғындар саны 500 адамнан аспайтын жеке тұрғын үй кешендеріне арналған жұмыс қысымы 1 МПа (Мега Паскаль) кем, диаметрі 300 мм (миллиметр) (қоса алғанда) сыртқы сумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар, оның ішінде тарту (орамішілік, көшелік) алаңішілік сумен жабдықтау желілері, орамішілік су бұру желілері, үйішілік сумен жабдықтау және су бұру желілері; траншеясыз тәсілмен орындау кезіндегі диаметрі 500 мм (миллиметр) дейінгі топтық су құбырлары мен кәріз коллекторлары; өнімділігі тәулігіне 500 м3 дейін (тәуілігіне текше метр) (қоса алғанда) сорғы станциялары мен су тарту құрылыстары; диаметрі 350 мм (миллиметр) дейінгі сыртқы жылумен жабдықтау желілері және олардағы құрылыстар – көрсетілген. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 6-бабы 1 тармағына сәйкес, азаматтық заңқалыптары оларда айтылған сөздердің дәлме-дәл мәніне сәйкес түсінілуге тиіс. Заң қалыптарының текстінде қолданылған сөздерді әртүрлі түсіну мүмкін болған жағдайда Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне және азаматтық заңдардың осы тарауда, ең алдымен оның 2-бабында баяндалған негізгі қағидаттарына сай келетін түсінікке басымдық беріледі деп көрсетілген. Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының 3 тармағында «егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады» деп аталып өтілген. Осыған байланысты, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Сарыағаш-Аман» ЖШС-нің ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтреіне сәйкес, 2009 жыл 5 нысан, 2010 жыл 2 нысан, 2011 жыл 5 нысан , 2012 жыл 3 нысан, 2013 жыл 4 нысан, 2014 жыл 2 нысан, 2015 жыл 2 нысан, 2016 жыл 1 нысан, 2017 жыл 2 нысан, 2018 жыл 1 нысан конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 10%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 13% шартты жеңілдік және әлеуетті өнім беруші "Торлан Құрылыс" ЖШС – не 2010 жыл 1 нысан, 2011 жыл 1 нысан, 2012 жыл 1 нысан, 2013 жыл 2 нысан, 2014 жыл 2 нысан, 2015 жыл 2 нысан, 2016 жыл 2 нысан, 2017 жыл 1 нысан, 2018 жыл 5 нысан, 2019 жыл 1 нысан конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыстарды орындағаны үшін 10%, сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары үшін 3%, жалпы алғанда 13%

шартты жеңілдік есептелді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 19.08.2019 жылғы №611010000-4-6/7-73106 хабарламаның талаптары негізсіз деп санаймыз. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 18-бабының 6-тармағына сәйкес және ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 58-2, 58-5-баптарына сәйкес: Аталған негіздерді ескере отырып, Департаменттің камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 19.08.2019 жылғы №611010000-4-6/7-73106 хабарламасын заңсыз деп тану және күшін жою және де «ОҚО, Түлкібас ауданы, Түлкібас поселкесіндегі кәріздік сорғы станциясы және кәріздік суларды тазалау құрылысы» мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындылары туралы 29.07.2019 жылғы №3410164-ОК1 хаттаманың күшінде қалдыруды сұраймыз. Басшы орынбасары Д.Альтеев Орынд: Н.Жанабергенов 8 (72533) 6-36-84
Перечень прилагаемых документов приведен в электронном возражении.

Басқарма басшысының орынбасары/Заместитель руководителя управления
Альтеев Дастан Балгынбекович